«6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша философия докторы дәрежесіне ұсынылған Маликов Бахытжан Усеновичтың «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басы)» тақырыбында жазылған диссертациялық зерттеуіне ресми

ПІКІР

1. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және жалпы ғылыми, жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практикалық және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Ұлы дала тарихында әкімшілік-территориалдық басқару жүйесінің құрылуы, оның ішінде болыстық жүйе, қазақ шенеуніктерінің пайда болуы, олардың қазақ қоғамындағы ролі мен қызметі, т.б. мәселелер Қазақстан тарихының өзекті тақырыптары екендігінде дау жоқ. Себебі, екі жүз жылға жуық Ресей империясының құрамындағы отарлық кезеңнің қазақ халқының болмысына, этникалық даму тарихы мен мәдениетіне ізін қалдырғаны айқын.

Ресей империясы саясатының мазмұнына қазақ даласында тек қана әкімшілік-территориалдық құрылымды құру ғана кірмейді, сондай ақ, қазақтың белгілі ру өкілдерін мемлекет қызметіне тарту арқылы династияны билеу және соған сәйкес жаңа сословие-қазақ шенеуніктерінің қалыптастыру мәселелері де енді. Сондықтан да, қазақ жеріндегі отарлық әкімшілік басқару жүйесінің құрылымын, далалық болыстық билеушілер институты феноменін, оның қазақ қоғамындағы орны мен қызметін, қазақ-орыс халқы қарым-қатынасындағы билік мәселелері, қазақ шенеуніктерінің пайда болуы, жаңа билеу жүйесінің ұтымды жақтары мен теріс ықпалын зерттеу бүгінгі күннің талабы.

Қазақстан тарихындағы қазақ елінің дамуындағы әлеуметтік-саяси факторларды анықтамай, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас кезеңіндегі болыстық басқару жүйесін, басқарудың төменгі құрылымдарының қалыптасу үдерісіндегі тарихи тәжірибені талдамайынша қазақ қоғамының әлеуметтік - мәдени өмір салтының өзгеруін түсіндіре алмас едік. Ресейлік билік жүйесінің төменгі сатыларының құрамына енген қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтын зерттеу көшпелі қазақ қауымының империялық әкімшілік құрылымына бейімделу механизмін саралауға мүмкіндік береді. Билік құрылымының екі жүз жылдық қызметінің әлеуметтік тәжірибесін зерттеу өзекті. Себебі, жергілікті басқару жүйесінің тарихи сабақтастығының қалыптасуы қазақ қоғамының даму деңгейін айшықтап, өзіндік тарихи дәстүрлі сайлау жүйесі бар Қазақстанның әлемдік тарихтағы орнын анықтап береді. Осы тұрғыдан алғанда да тақырып өзекті.

Диссертант көшпелі қазақ қауымының әкімшілік басқару жүйесін қаншалықты мойындап қабылдағандығын, орталықтың шешімдері мен әрекеттерін қазақ билеушілерінің қабылдауы, іске асыруын тың нақты деректер арқылы айшықтай білген. Автордың диссертацияның мазмұнын ашуда қолданған тың архив деректері Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы «Архив-2025» жеті жылдық бағдарламасын іске асырудағы қадам деп те санауға болады. Мұндай тың деректер еліміздің

тарихи жылнамасындағы ақтаңдақтарды қайта қалпына келтіруге жол ашатыны сөзсіз. Сондықтан ұсынылып отырған диссертация жалпы мемлекеттік бағдарламалармен де байланысты.

Зерттеуді ғылыми талдау барысында көптеген отандық және шетелдік тарихнамадағы ғылыми тұжырымдар мен ұстанымдарды негізге алуы да жұмыстың жалпығылымилығын дәлелдейді. Болыстық съездерде сайлау жүйесінің енуі, елді тек сұлтандар ғана емес, басқа да көзі ашық адамдардың билей алу мүмкіндігінің болуы архив деректерімен дәйектелуі де жұмысты ғылымилығын арттыра түскен.

2. Диссертацияға қойылатын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелері.

Кіріспе, төрт тарау, қорытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұратын диссертацияның мазмұны толық жоспарға сай ашылған, жүйелі түрде ғылыми талданған, толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады.

1. Зерттеудің ғылыми жаңалығы орыс отаршыларының қазақ даласына әкімшілік басқару жүйесін енгізуі мен болыстық билеу, қазақ шенеуніктері жөніндегі архивтік, мемлекеттік хаттамалар, т.б. қолданумен және тың деректерді ғылыми айналымға түсірумен анықталады.

2. Қазақ даласындағы отаршылардың әкімшілік-территориалдық жағынан басқару жүйесі мен болыстық билік институты отандық, шетелдік зерттеушілердің теориялық тұжырымдамалары мен ұстанымдарын талдау арқылы айшықталған.

3. Батыс-Сібір губернаторлығында болыстық институт XIX ғ. 20 жылдары басталса, қазақ даласының басқа аумақтарында басқарудың болыстық құрылымы қырық жылдан кейін орнады және XIX ғасырдың II жартысынан кейін болыстық билеуші тек сұлтандар ғана емес, орыс үкіметінің саясатын жүргізе алатын ықпалды тұлғалар да тағайындалды.

4. Ресейлік әкімшілік басқару негізінде болыстықтардың құрылуы, құрылудағы аймақтық ерекшеліктер, болыстық съезд, болыстық билеушінің қызметі, қызмет атқару мерзімі, қоғамдағы міндеттер мен ролі, болыстық билеушілердің Ресей өкіметі саясатын жүзеге асырудағы бет-бейнесі айқындалды.

5. Болыстық билеушілердің әлеуметтік жағдайы, әскери шендері, марапатталуы, т.б. бұрындары ғылыми айналымға түспеген архив деректерімен айшықталып, белгісіз болған болыстардың тізімі жасалынды, олардың орны, халықпен және аймақтық билеушілермен өзара қарым-қатынасы нақтыланды.

6. Қазақ даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске болыстық билеушілердің қатысуы, олардың оқиғадағы орны мен рөлі анықталды, Ұлы қазақ даласындағы ақындардың шығармаларындағы болыстық билеушілердің қызметіне ғылыми түрде сыни талдау жасалынды.

3. Ізденуші диссертациясында тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларының негізделуі мен шынайылық дәрежесі.

Диссертациялық жұмыс нәтижелерінің шынайылық дәрежесі практикалық материалдың көп қырлылығымен, толықтығымен және көлемділігімен, зерттеудің концептуалды тұрғысына сай теориялық және практикалық бөлімдерінің ғылыми негізделгендігімен, жұмыстың мақсаты мен міндеттерінің айқындылығымен анықталады.

Қол жеткізген нәтижелер қатарына төмендегілерді жатқыза аламыз:

1 нәтиже. Әкімшілік-территориалдық басқару, болыстық билік институты жөніндегі отандық және шетелдік теориялық ұстанымдарды салыстырмалы түрде зерттеу орыс отаршыларының қазақ даласына әкімшілік басқару жүйесін енгізуі мен болыстық билеу, қазақ шенеуніктері жөніндегі архивтік, мемлекеттік хаттамалар, т.б. қолданумен және тың деректерді ғылыми айналымға түсірумен айқындалды.

2 нәтиже. Қазақ даласында орыс отаршыларының әкімшілік-территориялық басқару органдарын құрудың алғышарттарын және болыстарды құру тетіктерін айқындау.

3 нәтиже. Болыстық билеушілердің қызметтегі әлеуметтік (болыстық үйлердің салынуы, бағалы сыйлықтармен, мақтау қағаздармен, медальдармен, ордендермен, әскери және азаматтық шендермен, жалақы және зейнетақы тағайындаумен) жағдайы жөніндегі материалдар жүйелендірілді.

4 нәтиже. Болыстық билеушілердің тұрғылықты мекен еткен халықпен және сол аймақтың билеушілермен, соның ішінде: уезд басшылары, әскери губернатор, генерал-губернатор және т.б., ішінара қалыптасқан қарым-қатынасы және болыстық билеушілердің Ресей билігін қабылдауы мен олардың қызметтерін орыс шенеуніктердің бағалауы мәселелеріне салыстырмалы талдауды жасау болып табылады;

5 нәтиже. XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басында қазақ даласында өмір сүрген Қазақ ақындарының шығармашылығындағы болыстық билеушілер жөніндегі шығармаларға тұжырымдамалық талдау негізделді.

6 нәтиже. 1916 жылы болған көтеріліс кезіндегі болыстық билеушілердің қабылдаған ұстанымдары мен олардың қызметіне обьективті баға берілген.

4. Ізденушінің диссертациясында тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесі (қағида) мен қорытындысының жаңашылдық деңгейі.

1 ғылыми нәтиже. Зерттеудің теориялық-методологиялық негіздеріне шет елдік, отандық зерттеулер мен осы кезеңдегі болыс билеушілерінің қызметін көрсететін мұрағаттық, жылнамалық және статистикалық деректерде «билік», «болыс», «ауыл старшыны» терминдердің айырмашылы көрсетілген.

2 ғылыми нәтиже. болыс билеушілерін тағайындау тетігін және көшпелі қазақ қоғамының өміріндегі болыстық съездердің рөлі анықталған

3 ғылыми нәтиже. Болыс билеушілерінің әлеуметтік жағдайы (жалақы, зейнетақы, марапаттау және т.б.) мен білім деңгейінің халықты басқару саясатына тигізген ықпалына талдау жасалынды.

4 ғылыми нәтиже. Болыстық билеушілердің Ресей үкіметі жүргізген саясатты жүзеге асыру барысындағы бет-бейнесін жан-жақты көрсетіліп, жергілікті халықпен және аймақтық билеушілермен (әскери губернатор, уезд

басшылары, генерал-губернатор және т.б.) өзара қарым-қатынасының негізгі ерекшеліктері айқындалған.

5 ғылыми нәтиже. Қазақ даласындағы болыстық билеушілердің қызметі мен қасиетіне қазақ халқынан шыққан ақындардың шығармаларындағы көзқарастарына тарихи салыстырмалы талдау жа́салынған.

6 ғылыми нәтиже. Қазақ даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс барысында болыстық билеушілердің маңызды рөлі анықталды, себебі 1868 жылдан бері метрикалық кітаптар Орынбор мұсылмандары рухани қауымынан азаматтық басқаруға беріліп, орыс билігінің өкілі ретінде болыстық билеушілер тыл жұмысына алынатын азаматтардың тізімдерін дайындады.

5. Алынған нәтижелердің практикалық және теориялық маңыздылығы.

Зерттеу жұмысында алынған ғылыми нәтижелер мен жаңалықтарды бүгінгі отандық тарихтағы Ресей тұсындағы қазақ елінің әлеуметтік-саяси жағдайын анықтауда, басқару және билеу институттарының қалыптасу факторларын ашуда, оларды қазақ қоғамының қабылдауындағы этникалық менталитет ерекшеліктерін, билік институттарының ролі мен қызметін айқындауда, олардың тарихи сабақтастығын зерделеуде теориялық тұжырымдар жасау мен ұстанымдар қалыптастыруда маңызды болып табылады. Сондай ақ, осы бағытта студенттер мен магистранттарға оқылатын элективтік курстар мен гуманитарлық әлеуметтік пәндер бойынша жазылатын оқулықтарда және оқу құралдарында пайдалануға болады. Диссертация бойынша дәрістер курстарын жасап, оны жоғары оқу орындарының тарих, мәдениеттану және әлеуметтану мамандықтарынан дайындалатын болашақ мамандарға, бакалаврда, магистратурада, оларға арналған семинар сабақтарында және арнайы курстарда пайдалануда практикалық маңызы зор.

6. Диссертацияның негізгі қағидасының, нәтижесінің тұжырымдары мен қорытындыларының жариялануының жеткіліктігіне растама.

Б.У. Маликовтың диссертациялық жұмысының негізгі қағидалары, нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы апробациямен дәлелденген. Олардың ішінде 4 мақала ҚР Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті тізіміне енген ғылыми басылымдарында, 7 мақала халықаралық конференция материалдарының жинағында, 1 мақала Scopus базасына кіретін журналдарда жарияланған.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімдеуіндегі кемшіліктер мен ұсыныстар.

Диссертациялық жұмыстың жоғарыда аталған жетістіктерімен қатар кемшіліктерін де атай кетсек:

Біріншіден, XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы болыстық билеушілердің тұлғалық ерекшеліктеріне кеңірек тоқталып кеткенде, тақырыптың мазмұны ашыла түсер еді.

Екіншіден, Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институтының қызметін талдау барысында, Сырдария облысының орталығы болған Ташкент қаласындағы Өзбекстан Республикасы Орталық Мемлекттік мұрағат

қорларының да материалдарын пайдаланғанда, жұмыстың деректік базасы күшейіп, мәселе ашыла түсер еді.

Дегенмен де көрсетілген кемшіліктер қорғауға ұсынылып отырған жұмыстың мазмұнына ғылыми маңыздылығы менқұндылығына нұқсан келтірмейді.

8. Диссертация мазмұнының Ғылыми дәреже беру ережелерінің талаптарына сәйкестігі.

Қорғауға ұсынылған диссертация тақырыбы өзекті, жұмыстың жоспары мазмұнына сай, ғылыми нәтижелері айқын, диссертациядағы талданған мәселелер тарих ғылымындағы ұстанымдармен пәнаралық байланысты қамтиды. Б.У. Маликовтың диссертациялық жұмысы то лық аяқталған, мазмұны толығымен ашыып, ғылыми талданған. Диссертация Ресей империясы тұсындағы қазақ тарихы кезеңіне жататын зерттеулерге қосатын үлесі мол.

Сондықтан, Маликов Бахытжан Усеновичтің «Қазақ даласындағы болыстық билеушілер институты: қалыптасуы, қызметі, құрылымы (XIX ғасырдың екінші жартысы –XX ғасырдың басы)» атты диссертациялық» жұмысы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласмындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәреже беру ережесінің 2 бөлімінің талаптарына толық сай келеді, жұмыстың авторы «6D02030 - Тарих» мамандығы бойынша PhD докторы атағын алуға лайық деп санаймын.

Ресми рецензент:
Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері
т.ғ.д., профессор **З.Т. Садвокасова**

«25» желтоқсан 2019 ж.